



медициналық қызметтердің жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің үйлестірілген бірлескен жұмысы;

8) реципиент - донорлық қан немесе оның құрамдас бөліктері құйылатын, ер немесе әйел адамның донорлық материалы (ұрығы немесе ұрық клеткасы) не донордан ағза (ағзаның бөліктері) немесе тіндер ауыстырылып қондырылатын емделуші;

9) тін сәйкестігі - органикалық тіндердің басқа организмнің тіндеріне көндігуіне ықпал ететін биохимиялық қасиеттері;

10) тін компоненттері - дәрілік заттарды және басқа да биологиялық белсенді препараттарды дайындау кезінде пайдаланылатын тін немесе ағзаның құрамдас бөліктері;

11) трансплантация - тіндерді және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөліктерін) организмнің басқа жеріне немесе басқа организмге қайта қондыру, көндіктіру;

12) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган - азаматтардың денсаулығын сақтау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы, дәрілік заттар айналымы, медициналық қызметтің сапасын бақылау, медициналық және фармацевтикалық ғылым мен білім беру саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган);

13) эвтаназия - науқастың қандай да бір дәрілік немесе басқа заттарды енгізу, соның ішінде ауру салдарының жағымсыз болжамы болған жағдайда тіршілігін сақтау жөніндегі жасанды шараларды тоқтату арқылы өз өлімін тездету және жанға батпай басталуы туралы өтінішін қанағаттандыру.

## **2-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы**

1. Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері**

Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты мынадай негізгі принциптердің негізінде жүргізіледі:

- 1) медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігі;
- 2) мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың жеке және қоғамдық денсаулығын сақтау мен нығайтуға ынтымақтасқан жауапкершілігі;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтарына тегін медициналық көмектің кепілді

көлемін көрсетуді қамтамасыз ету;  
4) медициналық көмектің алдын алу бағыттылығы;  
5) сектораралық өзара іс-қимылдар.

#### **4-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтауды ұйымдастыру**

1. Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын сақтауды мемлекеттік органдар, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан ұйымдар мен жеке тұлғалар қамтамасыз етеді.

2. Азаматтарға тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің қолжетімділігі мен оны алуды уәкілетті орган, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары, денсаулық сақтау ұйымдары, тиісті мемлекеттік тапсырысы бар жеке медицина практикасымен айналысатын тұлғалар қамтамасыз етеді.

#### **5-бап. Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы қоғамдық бірлестіктер**

Өздерінің жарғыларына сәйкес кәсіптік одақтар, дәрігерлер мен провизорлар қауымдастығы орта медицина қызметкерлері, медициналық және фармацевтикалық өнім өндірушілер, Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты Ай Қоғамы мен басқа да қоғамдық бірлестіктер Қазақстан Республикасының заңына сәйкес азаматтардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге қатысады.

#### **6-бап. Қызметкерлердің денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ету жағдайын жасауға жұмыс берушілердің жауаптылығы**

1. Жұмыс берушілер меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына сәйкес қызметкерлердің денсаулығын сақтау мен нығайтуды қамтамасыз ету жағдайын жасауға жауапты.

2. Жұмыс берушілер қызметкерлердің міндетті және мерзімдік медициналық тексерілуден өтуін ұйымдастыруға жауап береді.

#### **7-бап. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық экологиялық салауаттылығы мен радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

1. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық экологиялық салауаттылығы мен радиациялық қауіпсіздігі мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілердің Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес іс-шараларды өткізуі арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының облыстарының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары аурудың алдын алу және оның профилактикасы мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы медициналық-санитарлық, экологиялық, табиғи, техногендік, өндірістік сипаттағы

анықталған факторлардың адамдардың өмірі мен денсаулығына әсер етуі туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

3. Өкілетті органдардың әскери-медициналық және медициналық қызметтері ішкі істер, қорғаныс, төтенше жағдайлар, ұлттық қауіпсіздік саласындағы әскери-медициналық және медициналық қызметтер осы баптың 1-тармағында аталған анықталған факторлар туралы уәкілетті органды, Қазақстан Республикасының облыстарының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарын хабардар етеді.

## **2-тарау. Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы қатынастарды мемлекеттік реттеу**

### **8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және жүзеге асуын қамтамасыз етеді;
- 2) азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуді қамтамасыз етеді;
- 3) азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы салалық (секторлық) бағдарламаны бекітеді;
- 4) өзінің құзыреті шегінде азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді шығарады;
- 5) тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің тізбесін бекітеді;
- 6) әлеуметтік елеулі аурулар мен айналасындағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекітеді;
- 7) Қазақстан Республикасының азаматтарын бюджеттік қаражаты есебінен шетелде емделуге жіберу ережесін бекітеді.

### **9-бап. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Уәкілетті орган:

- 1) азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың құрастырылуы мен іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 2) денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламаларды іске асыру бойынша қоғамдық ұйымдармен салааралық үйлестіруді, сондай-ақ өзара іс-қимылды жүзеге асырады;
- 3) алдын алу медициналық тексерулер жүргізу тәртібін бекітеді;
- 4) амбулаториялық емдеу кезінде дәрілік заттар мен балаларға арналған және шипалы тағамдық арнаулы азық-түлік рецепт бойынша тегін және жеңілдікті жағдайда

босатылатын науқастар түрлерінің және тұрғындардың жекелеген санаттарының тізбесін бекітеді;

5) мемлекеттік емес денсаулық сақтау ұйымдарында емдеуге тыйым салынатын аурулардың тізбесін бекітеді;

6) уақытша еңбекке жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру тәртібін белгілейді;

7) жыныстық ұқсастандыру бұзылушылығы бар адамдарды медициналық куәландыру мен жынысын ауыстыру ережесін бекітеді;

8) алдын алу, диагностикалау, емдеу мен медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану тәртібін белгілейді;

9) диагностика мен емдеудің кезеңдік хаттамаларын әзірлейді және бекітеді;

10) клиникаға дейінгі сынақтар, медициналық-биологиялық тәжірибелер мен клиникалық зерттеулер жүргізу тәртібін белгілейді;

11) тіндерді және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөліктерін) алу, бұзылудан сақтау, адамнан адамға, мәйіттен адамға және малдан адамға ауыстырып қондырудың тәртібі мен шарттарын бекітеді;

12) балаларды балалар үйі мен жалпыға бірдей оқу-тәрбие ұйымдарына орналастыруға медициналық қарсы айғақтардың тізбесін белгілейді.

**10-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының**

**құзыреті**

Қазақстан Республикасының облыстарының (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) сәйкес аумақта денсаулық сақтауды нығайтуға, дені сау ұрпақтың тууына, аурулардың алдын алу мен санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз етуге қажетті шараларды жүзеге асырады;

2) көпшілік дене шынықтыру-сауықтыру қозғалысын дамыту мен халықтың салауатты өмір салтын енгізуге қатысуын ұйымдастырады;

3) өзінің құзыреті шегінде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік, салалық (секторлық), өңірлік бағдарламаларды іске асырады;

4) халыққа медициналық-санитарлық, білікті және мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберіндегі дәрілік қамтамасыз етуді қоса алғанда әлеуметтік елеулі аурулар мен айналасындағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың алдын алу мен емдеуді ұйымдастырады.

### **3-тарау. Азаматтардың, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтары мен міндеттері**

#### **11-бап. Азаматтардың медициналық көмек алу құқығы**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбесіне сәйкес тегін медициналық көмектің кепілді көлемін алуға;

2) өздерінің жеке қаражаты, ұйымдардың, ерікті медициналық сақтандыру жүйесінің және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер қаражаты есебінен тегін медициналық көмектің кепілді көлемінен тыс қосымша медициналық қызметті пайдалануға;

Медициналық ұйымдар мен жеке меншік медициналық тәжірибемен айналысатын жеке тұлғалардың ақылы медициналық қызмет көрсетуі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады;

3) тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде дәрілік заттармен қамтамасыз етілуіне;

4) бюджет қаражаттары есебінен шет елдерде медициналық көмек алуға;

5) уақытша еңбекке жарамсыздық фактісін куәландыруға құқығы бар. Уақытша еңбекке жарамсыздығы құжатпен - еңбекке жарамсыздық парағымен немесе анықтасымен куәландырылады.

Еңбекке жарамсыздық парағы азаматтарға жұмыстан босауға және уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы алуға құқық береді.

Уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы анықтама азаматтарға жәрдемақы алусыз жұмыстан босауға құқық береді;

б) санитарлық-эпидемиологиялық, экологиялық салауаттылыққа және радиациялық қауіпсіздікке құқығы бар.

Мемлекет қазіргі және болашақ ұрпақтың денсаулық жағдайына кері әсер етпейтін айналадағы ортаны сақтауды қамтамасыз етеді.

2. Өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда азаматтар жедел медициналық жәрдеммен тегін қамтамасыз етіледі.

3. Жыныстық ұқсастандыру бұзылушылығы бар адамдардың жынысын ауыстыруға құқығы бар.

4. Азаматтардың ұрпақты болуын сақтау саласындағы құқықтары жеке заңмен реттеледі.

#### **12-бап. Жүкті әйелдер мен аналардың денсаулықтарын сақтау құқығы**

1. Қазақстан Республикасында ана болуды мемлекет қорғайды және марапаттайды.

2. Жүкті әйелдер тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің шеңберінде тегін консультация алуға, тексерілуге, емделуге және жүктілікті сақтау мен дені сау бала туу үшін диспансерлік бақылауда болу құқығы бар.

Жүкті әйелдер ұрпақты болу денсаулығына және баланың денсаулығына әсер ететін аурулардың жекелеген түрлерін амбулаториялық деңгейде емдеуге арналған дәрілік заттармен Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен тегін қамтамасыз етіледі.

3. Некеге тұрмаған әйел ана болу туралы мәселені өзі шешуіне және, отбасын жоспарлау мен денсаулығын сақтау мақсатында, қаламаған жүктілікті ескертудің қазіргі күнгі әдістерін ерікті таңдауына құқығы бар.

#### 4. А н а н ы қ о р ғ а у :

1) ұрпақты болу жасындағы әйелдерді жыл сайынғы медициналық тексеру жүргізу, диспансерлеу және сауықтыру;

2) жұмыс істеп жүрген әйелдерге жүктілігі мен босануына байланысты демалыстар беру;

3) ауру баланы күтіп-бағу үшін стационарға түскенде әйелдердің ұрпақ жаңғырту функциясына және балалардың денсаулығына тікелей әсер ететін негізгі ауруларды медициналық айғақтар бойынша емдеу арқылы қамтамасыз етіледі.

5. Жүкті әйелдер мен бала емізетін аналарды жұмысқа орналастыру және жұмыс уақыты режимі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларына сәйкес белгіленеді.

### **13-бап. Балалардың денсаулығын сақтау құқығы**

1. Мемлекет балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асырады, олардың дене бітімі, ақыл-ойы, рухани, адамгершілік және әлеуметтік дамуы үшін қажетті тұрмыс жағдайларына құқықтарын қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер арнаулы медицина және балаларды сауықтыру ұйымдарының желісін дамытуды қамтамасыз етеді, олардың жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасайды.

3. Балалар міндетті мерзімдік медициналық байқаулардан өтіп тұруға және тұрақты диспансерлік бақылауда болуға, тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде емделуі және сауықтырылуы тиіс.

4. Аурудың жекелеген түрі бойынша амбулаториялық емдеген кезде балалардың жекелеген санаттары дәрілік заттар туралы заңнамада көзделген тәртіппен дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.

#### 5. Балаларды стационарлық емдеу кезінде:

1) дәрігерлердің қорытындысы бойынша қосымша күтіп-бағуды қажет ететін 3 жасқа дейінгі балаларды медициналық ұйымдарда емдеу кезінде анасына (әкесіне) немесе баланы күтіп-бағуды тікелей жүзеге асыратын өзге адамға ауырып қалған отбасы мүшесін күтіп-бағуға байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша

жәрдемақы төленіп, онымен бірге болу мүмкіндігі беріледі;

2) баланы омырау сүтімен тамақтандыратын ана баланы күтіп-бағу үшін стационарда болған кезеңде медицина ұйымында тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

6. Мектеп жасындағы балалардың стационарлық, қалпына келу, санаториялық емделу кезеңінде стационар, оналту орталығы, санаторий жағдайында үзіліссіз білім алу құқығы бар.

7. Дене бітімінің немесе психикасының жетілуінде кемістігі бар, сондай-ақ АҚТҚ-ны жұқтырған балалардың мамандандырылған балалар ұйымдарында медициналық-әлеуметтік, психологиялық, дефектологиялық, педагогикалық, логопедтік жәрдем алуға құқығы бар.

8. Қазақстан Республикасындағы балалардың ұрпақты болу денсаулығын қорғау саласында білім алуға және тәрбиеленуге құқығы бар.

9. АҚТҚ-ны жұқтырған балалардың балалар үйлері мен жалпыға арналған оқу-тәрбиелеу ұйымдарында болуына құқығы бар.

#### **14-бап. Азаматтардың өзінің денсаулығының жай-күйі және денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы ақпараттар алу құқығы**

##### **1. Азаматтардың:**

1) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жұбайы (зайыбы), өз балалары мен ата-аналары денсаулығының жай-күйі туралы ақпарат алуға;

2) алдын алу және емдеу әдістері туралы, денсаулыққа әсер ететін факторлар туралы, оның ішінде қоршаған орта, еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайлары туралы мемлекеттік органдардан, ұйымдардан және емдеуші дәрігерден өз құзыреті шегінде толық ақпаратты өтеусіз алуға;

3) дәрілік заттарды бөлшек сатумен айналысатын фармацевтикалық қызмет объектілерінен, сондай-ақ медициналық ұйымдардан дәрілік заттардың сапасы, қауіпсіздігі мен тиімділігі туралы толық ақпарат алуға;

4) денсаулық ұйымдарынан мүмкін болатын емдеу әдістері, тәсілдері туралы және клиникалық зерттеулердің салдары туралы ақпараттар алуға құқығы бар.

2. Азаматтардың денсаулығының жай-күйі туралы ақпаратты тексеру мен емдеуді жүргізетін дәрігер береді.

#### **15-бап. Азаматтардың медициналық көмектен бас тарту құқығы**

1. Азаматтың немесе оның заңды өкілінің осы Заңның 16-бабында көзделген жағдайлардан басқа уақытта, медициналық көмектен бас тартуға құқығы бар.

2. Медициналық көмектен бас тартқан жағдайда азаматқа немесе оның заңды өкіліне, оларға жетімді түрде, аурудың ықтимал салдары туралы түсіндірілуі тиіс.

3. Медициналық көмектен бас тарту, оның ықтимал зардаптары көрсетіле отырып, медициналық құжаттамада жазбаша ресімделеді және оған азамат немесе оның заңды



өкілі, сондай-ақ медицина қызметкері қол қояды.

Азамат немесе оның заңды өкілі медициналық көмектен бас тартуы туралы қол қоймаған жағдайда, ол туралы медициналық құжатта медициналық қызметкер тиісті жазба енгізіп, қол қояды.

### **16-бап. Азаматтардың келісімінсіз медициналық көмек көрсету**

1. Азаматтың немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз:

1) өз еркін білдіруге мүмкіндік бермейтін есеңгіреген, ес-түссіз жағдайдағы;

2) айналасындағы адамдарға қауіп төндіретін аурулардан зардап шегуші;

3) психикасының ауыр бұзылушылығынан зардап шегуші;

4) психикалық бұзылушылықтан зардап шегуші және қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған адамдарға уәкілетті орган белгілеген тәртіппен медициналық көмек көрсетуге ж о л б е р і л е д і .

2. 18 жасқа толмаған адамдарға және заңдарда белгіленген тәртіппен іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтарға қатысты медициналық көмек көрсетуге келісімді олардың заңды өкілдері береді. Заңды өкілдері болмаған жағдайда медициналық көмек көрсету туралы шешімді консилиум қабылдайды, ал консилиумды жинау мүмкін болмаған жағдайда тікелей медицина қызметкері, медицина ұйымының лауазымды адамдарын және заңды өкілдерді кейіннен хабардар ете отырып, қабылдайды.

3. Азаматтардың келісімінсіз медициналық көмек көрсету осы баптың 1-тармағында қарастырылған негіздер жойылғанша немесе сот шешімі шыққанша жалғаса береді.

### **17-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау және нығайту жөніндегі міндеттері**

1. Айналасындағыларға қауіп төндіретін жұқпалы аурулардың таралуын болдырмау үшін азаматтар медицина қызметкерлерінің, денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының ұйғарымдарын орындауға міндетті.

2. Стационарлық және амбулаториялық емдеудегі адамдар медициналық ұйымдардағы қолданыстағы режимді сақтауға міндетті.

3. Қазақстан Республикасының азаматтары алдын алу медициналық тексерулерден ө т у г е м і н д е т т і .

4. Жүкті әйелдер жүктіліктің 12 аптасына дейінгі мерзімде медициналық есепке тұруға міндетті.

### **18-бап. Айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын азаматтардың міндеттері**

1. Айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын азаматтар медициналық ұйымдардың талабы бойынша тексеруден өтуге және емделуге міндетті.

2. Азаматтар тексеру мен емдеуден бас тартқан жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген еркінен тыс тәртіппен куәландыру және е м д е у г е т а р т ы л а д ы .

3. Айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеуге жіберудің негізі мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамаларымен реттеледі.

4. Айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын және одан хабардар болып отырған азаматтар медициналық көмек сұраған кезде медицина персоналына өзінің ауыруы туралы айтуға міндетті.

**19-бап. Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың денсаулық сақтауға арналған құқықтары мен міндеттері**

1. Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар медициналық көмекті Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен ақылы негізде алады.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары сияқты Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар денсаулық сақтау саласындағы міндеттерді орындайды.

**4-тарау. Азаматтардың жекелеген санаттарына медициналық және медициналық-әлеуметтік көмек көрсету ерекшеліктері**

**20-бап. Әскери қызметшілер мен ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне медициналық көмек көрсету**

Әскери қызметшілер мен ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлеріне медициналық көмекті осы ведомстволардың әскери-медицина ұйымдары көрсетеді. Қызметін өткеріп жатқан орындарда немесе тұрғылықты жерінде олар болмаса немесе ведомстволық медицина ұйымдарында тиісті бөлімшелер, мамандар немесе арнайы жабдықтар болмаса, медициналық көмек тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде уәкілетті органның және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының медицина ұйымдарында көрсетіледі.

**21-бап. Туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету**

1. Туберкулезбен ауыратындар міндетті диспансерлік бақылауға және емдеуге жатады, тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде қажетті дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.

2. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратындар міндетті түрде жатқызуға және емдеуге жатады.

## **22-бап. Диабетпен және қатерлі ісікпен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету**

Диабетпен және қатерлі ісікпен ауыратындар тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде медициналық бақылауға, емдеуге және қажетті дәрілік заттармен қамтамасыз етуге жатады.

## **23-бап. Көбіне жыныстық жолмен берілетін жұқпалы аурулармен, ЖҚТБ және АҚТҚ жұқпаларымен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету**

1. Көбінесе жыныстық жолмен берілетін жұқпалы аурулармен, ЖҚТБ және АҚТҚ жұқпаларымен ауыратындарға медициналық көмек уәкілетті орган белгілеген тәртіппен көрсетіледі.

2. ЖҚТБ және АҚТҚ жұқпаларымен ауыратын науқастарға медициналық көмек Қазақстан Республикасының жеке заңына сәйкес жүзеге асырылады.

## **24-бап. Психикалық бұзылудан (аурудан) зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету**

Психикалық бұзылудан (аурудан) зардап шегетін адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету және оларды оңалту Қазақстан Республикасының жеке заңымен белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

## **25-бап. Бас бостандығы шектеулі азаматтарға медициналық көмек көрсету**

Сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айырған орыннан басқа жерде өтеп жүрген, арнайы мекемелерге орналастырылған азаматтарға медициналық көмек денсаулық сақтау, ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы уәкілетті органдар белгілеген тәртіппен көрсетіледі.

## **5-тарау. Медициналық көмек көрсету кезіндегі медицина қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері**

### **26-бап. Медицина қызметкерлерінің кәсіптік құқықтары**

1. Медицина қызметкерлерінің мамандығы бойынша және біліктілік деңгейіне сәйкес кәсіптік қызметті іске асыруға құқығы бар.

2. Медицина қызметкерлерінің кәсіптік қызметіне мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдардың, сондай-ақ азаматтардың тарапынан, Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылғаннан тыс жағдайларда, араласуына тыйым салынады.

### **27-бап. Медицина қызметкерлерінің кәсіптік міндеттері**

Медицина қызметкерлері:

1) егер мұндай таңдау тексеру нәтижесі бойынша қарастырылған болса, онда пациентті емдеудің әдістері мен амалдарын, сондай-ақ пайдаланылатын медициналық мақсаттағы құралдар мен бұйымдарды таңдау мүмкіндігі бар екендігі туралы хабардар

е т у г е ;

2) өзінің қызметтік міндеттеріне сәйкес медициналық көмек көрсетуге;

3) өздерінің кәсіптік міндеттерін орындау кезінде белгілі болған азаматтардың ауруы, жыныстық қатынасы мен отбасылық өмірі туралы деректерді сақтауға міндетті. Бұл деректерді Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған жағдайларда ғана айтуға жол беріледі;

4) Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

## **6-тарау. Медициналық қызметтегі жеке қатынастарды реттеу**

### **28-бап. Хирургиялық араласу тәртібі, қан құю және диагностиканың инвазивтік әдістерін қолдану**

1. Хирургиялық операциялар, қан құюлар және диагностикалаудың инвазивтік әдістерін қолдану аурудың жазбаша келісімі бойынша қолданылады.

Психикалық бұзылумен ауыратын, сот жұмысқа қабылетсіз деп тапқан аурулар, он сегіз жасқа толмаған адамдарға хирургиялық операциялар, қан ауыстырып құю, диагностиканың инвазивтік әдістері олардың заңды өкілдерінің жазбаша келісімдері б о й ы н ш а ж а с а л а д ы .

2. Медицина қызметкерлері өмірлік айғақтар бойынша медициналық араласуға кірісіп кетсе және оны тоқтату емделуші адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлардан басқа кезде, келісім кері қайтарып алынуы мүмкін.

3. Хирургиялық араласу, қан құю, диагностиканың инвазивтік әдісін қолдануды кешіктіру аурудың өміріне қауіп төндірген, аталған адамдардан келісім алу мүмкіндігі болмаған жағдайда, шешімді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, дәрігер немесе дәрігерлік комиссия қабылдайды.

### **29-бап. Клиникаға дейінгі сынау мен медициналық-биологиялық тәжірибелерді, клиникалық зерттеулерді жүргізу және алдын алудың, диагностиканың, емдеу мен медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану**

1. Клиникаға дейінгі сынау және медициналық-биологиялық тәжірибелер ж а н у а р л а р ғ а ө т к і з і л е д і .

2. Адамдарға клиникалық зерттеу жасау жануарларға жасалған клиникаға дейінгі сынақтар мен медициналық-биологиялық тәжірибелердің оң нәтижелерін алған жағдайда, ол және денсаулық сақтау ұйымы арасында жасалған шарт бойынша жазбаша келісім берген жағдайда ғана жасалады.

Жасалып жатқан клиникалық зерттеулер адамның талабы бойынша кез-келген

кезенде, сондай-ақ оның өмірі, денсаулығына қауіп төнген жағдайда тоқтатылады.

3. Алдын алудың, диагностиканың, емдеу мен медициналық оңалтудың жаңа әдістері мен құралдарын қолдану клиникалық зерттеулердің оң нәтижелерін алған жағдайда ғана мүмкін болады.

### **30-бап. Биологиялық өлімді анықтау. Өмірді қолдап тұрған аппаратураларды істен шығару шарттары**

1. Өлімнің растығын дәрігер немесе фельдшер айқындайды.

2. Донордың биологиялық өлімін растау мынадай белгілердің жиынтығы негізінде р а с т а л а д ы :

1) жүрек қызметінің тоқтауы;

2) демнің бітуі;

3) орталық жүйке жүйесі қызметінің тоқтауы.

3. Өмірді қолдап тұрған жасанды шаралар:

1) биологиялық өлімі расталған жағдайда;

2) дәрігер-мамандардың консилиумында расталған мидың түпкілікті өлуі жағдайында, жақын туыстарының және (немесе) заңды өкілдерінің жазбаша бірауызды келісімі болған жағдайда өшірілуі мүмкін.

4. Биологиялық өлімді растауға ағзалар мен тіндерді ауыстырып қондыру үшін алуды қамтамасыз ететін адамның қатысуына тыйым салынады.

### **31-бап. Эвтаназия**

Кез-келген жағдайға қарамастан эвтаназияны жүзеге асыруға тыйым салынады.

### **32-бап. Патологоанатомиялық союды жүргізу**

1. Патологоанатомиялық союды өлімнің себептері туралы деректер мен ауыру диагнозын нақтылау мақсатында жүргізіледі.

2. Зорлықпен өлтірілгендігіне күмән болмаған жағдайда және туыстарының немесе заңды өкілдерінің жазбаша өтініші болған жағдайда, не өлген адамның тірі кезінде өз еркімен көңіл білдіруімен сою жүргізілмей-ақ мәйітті беруге рұқсат етіледі.

3. Өлген адамның жақын туыстарының немесе заңды өкілінің талабы бойынша уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тәуелсіз денсаулық сақтау ұйымдары патологоанатомиялық сою жүргізуі мүмкін.

### **33-бап. Анатомиялық сый**

1. Анатомиялық сый сығалаушының нотариалдық куәландырылған өсиетнамасы арқылы жасалуы мүмкін және ол өлгеннен кейін күшіне енеді.

2. Анатомиялық сый туралы деректер жария етуге жатпайды.

3. Берілген ағзалар мен тіндерден басқа 45 күн ішінде анықталмаған және қажет етілмеген мәйіттер де анатомиялық сый ретінде танылады.

4. Анатомиялық сый биомедициналық зерттеулер өткізу үшін ғылыми, ғылыми-практикалық және оқу мақсаттарында қолданылуы мүмкін.

### **34-бап. Ауыстырып қондыру үшін тіндерді және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөліктерін) алу**

1. Адам, адамның мәйіті, сондай-ақ жануарлар тіндер мен ағзаларды ауыстырып қондыру жөніндегі донор бола алады.

2. Адамдардың тіндері мен ағзаларын еріктен тыс және (немесе) басқадай алу мен оларды ауыстырып қондыруға тиым салынады. Бұндай әрекетке жол берген адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

3. Ауыстырып қондыруға арналған адамның тіндері мен ағзалары (ағзаның бөліктері) мәмілелердің заты болуға тиіс емес.

4. Адамдардың тіндері мен ағзаларын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығаруға тиым салынады.

5. Реципиентпен генетикалық байланыстағы немесе онымен тіндік үйлесімділігі бар, жан-жақты медициналық тексеруден өткен және оның ағзалары (ағзаларының бөліктерін) мен (немесе) тіндерін алуға болатындығы туралы дәрігер-мамандардың консилиум қорытындысын алған адам тірі донор бола алады.

Қолының анықтығын нотариус куәландырған жазбаша келісімі бар тірі донордан алып қойғаннан кейін оның болмауы денсаулыққа орны толмас бұзылуға әкеп соқтырмайтын қос ағзаның бірі, ағза немесе тіннің бөлігі алынуы мүмкін.

6. Дәрігер-мамандардың консилиумында расталған биологиялық өлім кезінде ғана және өлген адам тірі кезінде ол өлгеннен кейін өзінің тіндері және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөлігін) реципиентке ауыстырып қондыру үшін жазбаша келісім берген жағдайда өлген адамның тіні және (немесе) ағзалары (ағзасының бөлігі) ауыстырып қондыру мақсатында алынады.

7. Тіндер және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөліктерін) ауыстырып қондырудың қажеттілігі туралы медициналық қорытынды тиісті денсаулық сақтау ұйымы дәрігерлерінің консилиумында беріледі.

8. Тіндер және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөліктерін) ауыстырып қондыру реципиенттің немесе кәмелеттік жасқа жетпеген реципиенттің, немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сот жұмысқа қабылетсіз деп таныған реципиенттің заңды өкілінің жазбаша келісімімен іске асырылады.

Реципиент алда жасалатын ауыстырып қондыруға байланысты оның денсаулығына тиетін асқынулар болуы туралы ескертілуі керек.

9. Мәйіттен тіндер және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөліктерін) алу денсаулық сақтау ұйымдарында іске асырылады. Тіндер және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөлігін) бұзылудан сақтау мен ауыстырып қондыру тек қана мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында іске асыруға жол беріледі.

10. Тіндері және (немесе) ағзаларын (ағзаның бөліктерін) алуға тілек білдірген адамдар, алда болатын тіндер және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөлігін) алуға

оперативтік араласуға байланысты оның денсаулығына әсер етуі мүмкін асқынулар туралы денсаулық сақтау ұйымынан толық ақпараттар талап етуге құқығы бар.

11. Донор тіндер және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөлігін) алу жөніндегі операцияларды өткізуге байланысты денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде емделуге, оның ішінде медикаментоздық ем алуға құқығы бар.

12. Жұқтырулары бар тіндер және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөлігін) ауыстырып қондыруға тыйым салынады.

13. Тіндер және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөліктерін) ауыстырып қондыруға келісім беруге ниеттенген реципиент тіндер және (немесе) ағзаларды (ағзаның бөліктерін) ауыстырып қондыру жөнінде алда болатын операциялық араласуға байланысты оның денсаулығына келтірілуі мүмкін асқынулар туралы денсаулық сақтау ұйымынан толық ақпарат талап етуіне құқығы бар.

14. Реципиент жасалған операцияға байланысты тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде ем, оның ішінде медикаментоздық ем алуға құқығы бар.

15. Денсаулық сақтау ұйымының дәрігерлері мен басқа да қызметкерлерге донор мен реципиент туралы деректерді жария етуге тыйым салынады.

## **7-тарау. Қорытынды ережелер**

### **35-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық**

Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау туралы заңнаманы бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

### **36-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

2. "Қазақстан Республикасындағы азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 109-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 24, 434-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 927-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2004 ж., N 2, 9-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*